

Бундестаг депутаты Вайлер Қазақстанда өткен сайлауда сырттан бақылаушы ретінде (21.03.2016)



ЕҚЫҰ тарапынан 60 ресми бақылаушылардың бірі ретінде , неміс парламентінің мүшесі Альберт Вайлер Қазақстанға қазақстандық парламент сайлауының үрдісін бақылау үшін келді.

Парламент мүшесі Альберт Вайлерге Қазақстанның Оңтүстігінде Алматыда сайлаудың жүзеге асуын бақылау тапсырылды, оның нәтижесін ол әділ және транспарентті деп бағалады.

«Мен барған сайлау бөлімшелері жақсы ұйымдастырылған. Жергілікті басқару органдарындағы сайлау бақылаушылары біздің барлық сауалдарымызды назарға алды, сонымен қатар жылы шырайлы және білікті болды. Сайлау бөлімшелерінде сайлау үрдісін лайықты түрде басқарып отырған қоғамдық ұйымдар өкілдерімен қоса партия өкілдері де болды. Менің ойымша, сайлау үрдісі Заңға сәйкес ұйымдастырылған»-деген қорытындыны парламент мүшесі Альберт Вайлер.

Сайлау соңында, парламент мүшесі Альберт Вайлер парламент сайлауының үрдісіне баға беріп, қорытындылау үшін Конрад Аденауэр Қоры өкілеттігінің басшысы Томас Хельммен кездесті.

Томас Хельм пікірі бойынша, елдің саяси дамуы үшін сайлау үрдісінің өзіне қарағанда алдағы сайлау кезінде жүзеге асырылған реформалар аса маңызды.

«Басқарушы партия сайлауда үлкен үлеспен жеңіп шыққаны туралы оппозицияның наразылық білдіруі – негізгі мәнді жіберіп алуды білдіреді: мықты оппозицияны құру – бұл сайлауға дейін ұзық уақыт бұрын басталу керек даму үрдісі».

Дегенмен, ағымдағы 7%-дық табалдырық оппозициялық партиялар үшін парламенттегі орындарға таласу мүмкіншіліктерін қиындатады. Бұдан басқа, жаңа саяси партияларға қатал әкімшілік қаулылар қиындық туғызады. Жалпы, сайлау жүйесі алда реформаларды қажет етеді», - деп атап өтті Томас Хельм.

Источник:<http://www.albert-weiler.de/inhalte/2/aktuelles/127203/weiler-als-wahlbeobachter-in-kasachstan/index.html>